

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысынан жастар саясаты мәселелері жөніндегі
басқармасы «Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығы» КММ
А.С.Искакова

«17» 03 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ
Т.К.Қасымбаева

«17» 03 2023 ж.

«БЕКІТІМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Университетінің
Басқармасының Директоры - Ректоры
Н.О.Дулатбеков
2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М03 «Әлеуметтік ғылымдар» бағыты бойынша дайындау

7М03102 – «Саясаттану»
Деңгейі: Магистратура

Қарағанды, 2023

7M03102 «Саясаттану» білім беру бағдарламасы құрастырылған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Заңы;
- 2018 жылғы 31 тамыздағы №604 жоғары оқу орнынан кейінгі Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиямен 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері;
- ҚР «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» БЖҒМ 2018 жылғы 2 қазандағы №152 бұйрығы;
- 2018 жылғы 13 қазандағы №569 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы

Мазмұны

№		Беттер
	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	5
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	5
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	6
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	7
в)	Кәсіби қызмет түрлері	9
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	15
17	Түлек моделі	17

Білім беру бағдарламаның паспорты

1. Білім беру бағдарламаның коды және атауы: 7M03102 - Саясаттану
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары: 7M03 -Әлеуметтік ғылымдар
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: M063 - Саясаттану және шиеленістану
4. Кредиттер көлемі: 120 академиялық кредит (2 жыл)
5. Оқыту түрі: күндізгі
6. Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын
7. Берілетін дәреже: 7M03102 - «Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі
8. Білім беру бағдарламаның түрі: қолданыстағы
9. БСХСЖ бойынша деңгей: 7 деңгей (магистратура)
10. ҰБШ бойынша деңгей: 7 деңгей (магистратура)
11. СБШ бойынша деңгей: 7 деңгей (магистратура)
12. БББ-ның айрықша ерекшеліктері: жоқ
- Серіктес ЖОО (БББ): жоқ
- Әріптес ЖОО (ҚДББ): жоқ
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: 28.07.2020 ж. № 16 лицензия № KZ83LAA00018495
14. Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі: НАОКО, SA №168/2 НАОКО агенттігі 10.06.2019 ж. - 07.06.2024 ж.
15. **ББ мақсаты:**Билік қатынастары, көшбасшылық және басқару, қоғамдық процестерді реттеу саласында көздер, ресурстар мен ережелер нормалары арқылы кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті саясаттанушы маманды, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесі, талдау және зерттеу орталықтары үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.
16. **Түлектің біліктілік сипаттамасы:**
 - а) **түлек лауазымдарының тізбесі:**
 - орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда-мемлекеттік қызметкер;
 - саяси партияларда-консультанттар, кеңесшілер, бөлімдер мен аппараттардың басшылары ;
 - практикалық саясатта-саяси стратег, имиджмейкер, қоғаммен байланыс жөніндегі маман;
 - консультативтік және сараптамалық қызметте;
 - саяси ғылымда – зерттеушілер, ғалымдар, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушылары.
 - б) **түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:**

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:

 - аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейлерге басшылық ету, реттеу және басқару;

- ғылым және білім;
- әлеуметтік, саяси, мәдени, этномәдени және басқа да қоғамдық институттар;
- бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникация;
- саясаттың консалтингтік, консультациялық, талдамалық салалары.

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы магистрлерінің кәсіби қызметінің объектілері:

- аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік билік және басқару органдары;
- талдау және зерттеу орталықтары, қоғамдық және мамандандырылған қорлар;
- саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар;
- бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ);
- үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ);
- жоғары және орта арнаулы кәсіптік білім беретін оқу орындары.

в) түлектің кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-технологиялық;
- сараптамалық-консультациялық;
- зерттеу;
- аналитикалық;
- білім беру (педагогикалық).

г) түлектің кәсіби қызметінің функциялары:

- саяси шындықты білу, оған тән объективті байланыстарды, негізгі тенденциялар мен қайшылықтарды ашу;
- мемлекеттік билік және басқару органдары, партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар қызметінің стратегиялық мақсаттарын, тұжырымдамаларын және бағдарламаларын әзірлеу;
- саяси институттардың қызметін ұтымды ету, басқарудың және шешімдер қабылдаудың оңтайлы модельдерін әзірлеу;
- елдегі және өңірлердегі, ұлттықтан жоғары және жаһандық деңгейдегі саяси процестердің дамуын болжау;
- халықтың саяси мәдениетін қалыптастыру, азаматтыққа, патриотизмге және шынайылыққа табынушылық негізінде тәрбиелеу;
- азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік билік органдары қызметінің мақсаттары, жоспарлары мен бағдарламалары туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз ету.

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Ойлау мәдениетін, тілдік құзыреттілікті, ақпаратты қорыту, талдау, сыни қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын таңдау қабілетін меңгерген; ынтымақтастыққа, әлеуметтік ұтқырлыққа, өзін-өзі дамытуға және таңдаған мамандығында мансаптық өсуге дайын екендігін көрсетеді.
	ОН 2	Кәсіби қызметте академиялық адалдық қағидаттарын қолдануға және кәсіпқой – саясаттанушының тұлғалық қасиеттерін: зияткерлік, өзін-өзі жетілдіруге және сыни ойлауға ұмтылысын дәріптеуге қабілетті; қазіргі заманғы қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизмі, толеранттылығы және демократиялық құндылықтары басымдықтарында белсенді азаматтық ұстанымға ие.
	ОН 3	Цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеуді, жүйелеуді және мұрағаттауды, оны сыни талдауды, бағалауды және түсіндіруді жүзеге асыра алады, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ақпараттық объектілер құра алады; цифрлық ортада, оның ішінде шет тілінде коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыра алады.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 4	Сандық контентті құру және редакциялау, ақпаратты түрлендіру және сапасын арттыру қабілетіне ие; ғылыми және білім беру мақсаттарында әртүрлі Интернет-ресурстарды, іздеу жүйелері мен деректер қорын пайдаланудың тұрақты дағдыларына ие.
	ОН 5	Категориялық аппаратты, шетелдік терминологияны, әдіснаманы, жаңа зерттеу тәсілдерін, қазіргі заманғы саяси ғылымның проблемаларын, оның ішінде шет тілінде білу мен түсінуді көрсетеді; ғылыми және кәсіби қызмет нәтижелерін пайдалану дағдыларын меңгерген.
	ОН 6	Мемлекеттік саясат пен басқарудың, аймақтық және әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін өз бетінше зерттей және талдай алады, олардың даму тенденциялары мен инновациялық әлеуетін анықтай алады, сандық трансформацияның күрделі жағдайларында және әлемдік саясаттағы өркениеттік фактордың шешуші рөлін басшылыққа алады.
	ОН 7	Саяси ғылымдар саласында теориялық және эмпирикалық зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану негізінде жаһандық, интеграциялық, макроөңірлік, ұлттық-мемлекеттік, жергілікті қоғамдық-саяси процестерді талдауға, модельдеуге және болжауға қабілетті.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Инновациялық саяси бағдарламаларды іске асыру, саяси жүйенің ұлттық-мемлекеттік моделін, ҚР саяси институттары мен азаматтық қоғамды дамыту шеңберінде стратегиялық жоспарлау және менеджмент саласындағы жобаларды әзірлеуге белсенді қатысуға бағытталған.
	ОН 9	Мемлекеттік және жергілікті билік органдарында, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктер аппараттарында, бизнес-құрылымдарда, халықаралық ұйымдарда, БАҚ-та басқару процестеріне, ақпараттық қоғамдағы саяси, сайлау науқандарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысуға қабілетті.
	ОН 10	Саясаттың, саяси үдерістер мен халықаралық қатынастардың, жергілікті және жаһандық қақтығыстардың түрлі салаларындағы күрделі мәселелерді шешу технологиясын өз бетінше жасай алады; саяси партиялардың электоралды қалауын және электоралды демократияны дамыту принциптерін анықтап, бағалай алады.
	ОН 11	Ғылыми жұмыстарды дайындау және рәсімдеу, аналитикалық есеп, саяси сараптама, кеңес беру, болжау, әлеуметтік-саяси пәндерді, оның ішінде шет тілінде оқыту дағдыларын меңгерген.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН1 ОН2	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН1 ОН2		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН1 ОН2		Басқару психологиясы	4
ОН1 ОН2		Педагогикалық практика	4
ОН3 ОН5 ОН11	Кәсіби тілдер	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН3 ОН5 ОН11		Саяси ғылымдағы кәсіби шетелдік терминология	
ОН1 ОН5		Саяси лингвистика	
ОН7 ОН10	Базалық дайындықтың инновациялық аспектілері	Саяси зерттеулер әдіснамасы	5
ОН8 ОН11		Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	
ОН8 ОН11		Қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселелері (ағылшын тілінде)	6
ОН3 ОН4		Батыс саяси ғылымындағы инновациялық зерттеу тәсілдері (ағылшын тілінде)	
ОН6 ОН10	Саяси ғылымның өзекті сегменттері	Мемлекеттік саясат	5
ОН9 ОН10		Мемлекеттік басқару (ағылшын тілінде)	6
ОН1 ОН7		Әлемдік саясаттағы өркениет факторы	4
ОН8 ОН9	Қазіргі саясаттың жаһандық және аймақтық мәселелері	Қазақстан Республикасындағы саяси институттар және азаматтық қоғам	4
ОН8 ОН9		Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы	
ОН8 ОН9 ОН10		Қазақстанның қазіргі саясатындағы инновациялар	4
ОН3 ОН4		Қазіргі саясаттағы цифрлық трансформация	
ОН8 ОН10		Қазіргі әлемдегі саяси партиялардың электоралдық стратегиялары (ағылшын тілінде)	5
ОН7 ОН9		Әлеуметтік-саяси зерттеулердегі ойындар теориясы (ағылшын тілінде)	
ОН3 ОН7 ОН9		Жаһандық саяси даму мегатрендтері	4

ОН8 ОН9 ОН10		Жаһандық саяси болжам	4
ОН8 ОН9 ОН10		Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-саяси әріптестік	
ОН10 ОН11		Саяси сараптама және кеңес беру	5
ОН3 ОН7 ОН9		Әлемдік саясаттағы интеграциялық процестер	
ОН3 ОН7 ОН9		Еуразиялық интеграцияның саяси аспектілері	
ОН6 ОН11			Зерттеу тәжірибесі
ОН6 ОН11	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	24
ОН1 ОН6 ОН11	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	8

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредит тер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті														
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады.	4	+	+									
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби шебер-мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+	+									
D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4	+	+									
D5	Шет тілі (кәсіби)	Кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында тиімді қарым-қатынас жасау үшін пәндік саладағы шетел тілінің сөйлеу әрекетінің дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Курс арнайы әдебиеттермен жұмыс істеуді, ауызша және жазбаша екі жақты аударма тәжірибесін үйретуге арналған. Арнайы мақсаттағы шетел тілінің ерекшеліктері мен кәсіби сөйлеу нормалары	4			+		+						+

		мәселелері қарастырылады.																		
Негізгі пәндер циклі																				
Таңдау бойынша компонент																				
D6	Саяси ғылымдағы кәсіби шетелдік терминология	Курс қазіргі саясаттануда қолданылатын кәсіби шетелдік терминологияны зерттейді; саяси дискурста байланысты мәтіндерді кіріспе ретінде ізденіп оқу дағдыларын бекітеді; саясат саласына қатысты шетел терминологиясын білу негізінде жазу дағдыларын қалыптастырады; саяси терминдерді сауатты пайдалануға жағдай жасайды; кәсіби тілдік ойлаудың дамуына ықпал етеді.	4			+		+											+	
	Саяси лингвистика	Курс саяси коммуникацияның сипаттамалары мен функциялары және саяси дискурста экспрессивтік құралдар мен саяси коммуникациядағы метафораларды пайдалану туралы білімді қалыптастырады; саяси коммуникацияның стратегиялары мен тактикасын зерттейді; қазіргі саяси лингвистиканың эволюциясының негізгі бағыттарын сипаттайды.		+				+												
D7	Саяси зерттеулер әдіснамасы	Курс ғылымдағы нормативтік және эмпирикалық көзқарастардың саяси зерттеулері туралы гносеологиялық білімді қалыптастырады; саяси зерттеулердің негізгі парадигмалары мен мектептерін қарастырады; институционализм, неонституционализм, историзм, бихевиорализм, рационалды таңдау теориялары мен қазіргі саяси зерттеулерде қолданылатын басқа да әдіснамалық принциптерін сипаттайды.	5							+									+	
	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	Зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қолдану бойынша дағдыларды қалыптастыру және табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында өндіріске ғылыми эзірлемелер мен технологияларды енгізу мақсатында оқытылады											+							+
D8	Қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселелері (ағылшын тілінде)	Пән қазіргі батыстық саясаттану теориялары мен зерттеу мектептерінің дамуы туралы білімді қалыптастырады; қазіргі батыстық саяси ғылымды институционализациялау процесін ашады; қазіргі шетелдік және отандық саяси ғылымның ғылыми жетістіктеріне талдау жасайды; дамудағы негізгі тенденцияларды қазіргі саяси процестерді зерттеудің өзекті мәселелерін сипаттайды.	6					+												+

	Батыс саясаттанудағы инновациялық зерттеу тәсілдері (ағылшын тілінде)	Курс магистранттарды қазіргі заманғы саясаттану білімінің жаңа парадигмаларымен таныстырады; саяси пәндік өріс, жетекші ұлттық саясаттану мектептерінің ерекшеліктері мен негізгі сюжеттері туралы қазіргі заманғы пікірталастардың сипаты туралы түсініктерді қалыптастырады; қазіргі саяси ғылымда ғылыми білім әдістерін дамыту процесін түсіндіреді.					+	+							
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті															
D9	Мемлекеттік саясат	Курстың мақсаты – мемлекеттік саясаттың мәні, түрлері, элементтері, мақсаттары мен басымдықтары туралы жүйелі білімді қалыптастыру; экономика, әлеуметтік, мәдени, экологиялық, мемлекеттің жастар саясаты және діни қатынастар саласындағы саясат саласындағы мемлекеттік саясатты жоспарлау мен іске асырудың құралдары, әдістері мен құралдары, тетіктері.	5							+					+
D10	Мемлекеттік басқару (ағылшын тілінде)	Курс магистранттарды Қазіргі әлемдегі мемлекеттік басқаруды дамытудың негізгі тенденцияларымен, соның ішінде нәтижеге бағдарланған мемлекеттік басқаруды енгізу, әлемде және Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті реформалау сияқты трендтермен таныстырады; мемлекеттік басқару жүйесіндегі орталықсыздандыру және бюджетаралық қатынастар процестерін сипаттайды; мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау береді.	4											+	+
D11	Әлемдік саясаттағы өркениет факторы	Курстың мақсаты – саясаттанудағы өркениеттік парадигма туралы жүйелі білімді қалыптастыру; өркениет прогресінің динамикасы мен спиралы туралы; 21 ғасырдың жаһандық әлемі, оның архитектурасы, құрылымы, үлгілері, статус иерархиясы туралы; жаһандық саясаттың өркениеттік матрицасы туралы; өркениеттік дағдарыстар мен қақтығыстар туралы; жаһандық әлемнің өркениеттік полюстері туралы; әлемдік саясаттағы бәсекелестік, диалог және өркениеттер серіктестігі туралы; өркениеттік парадигма аясында болашақтың сценарийлері туралы айтылады.	4	+							+				
Негізгі пәндер циклі															

Таңдау бойынша компонент													
D12	Қазақстан Республикасындағы саяси институттар және азаматтық қоғам	Курс Қазақстанның саяси институттарын, олардың генезисін, эволюциясын, даму ерекшеліктері туралы және азаматтық қоғамның негізгі элементтері, олардың саяси институттармен байланысы туралы білімді қалыптастырады; көппартиялық жүйенің, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бірлестіктердің институтының қалыптасу процесін сипаттайды.	4								+	+	
	Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы	Курс Қазақстанның саяси жүйесінің алғышарттары, генезисі және эволюциясы туралы, кең әлеуметтік-саяси, тарихи және жаһандық контексте саяси институттар туралы білімді қалыптастырады; саяси жүйенің эволюция векторлары мен құндылық басымдықтарын, этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің ерекшеліктерін айқындайды, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарын ашады.									+	+	+
D13	Қазақстанның қазіргі саясатындағы инновациялар	Курс қазақстандық саясаттың инновациялық аспектілері, Қазақстанның саяси жүйесін жаңғыртудағы инновациялардың рөлі мәселелері бойынша жүйеленген және терең білімді қалыптастырады; мемлекеттің инновациялық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін саяси бағдарламалардың, стратегиялар мен технологиялардың мәнін ашады; Қазақстан Республикасының Ұлттық-мемлекеттік, өңірлік және жаһандық инновациялық бастамаларының маңыздылығын айқындайды.	4								+	+	+
	Қазіргі саясаттағы цифрлық трансформация	Курс әлемде және Қазақстанда саясатты цифрландырудың негізгі трендтерін түсінуді қалыптастырады; цифрлық технологияларды пайдалану және Қазақстан экономикасының болашақ Қазақстанның цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін дамудың түбегейлі жаңа траекториясына көшуі үшін жағдай жасау есебінен Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мүмкіндіктерін қарастырады.				+	+						
D14	Қазіргі әлемдегі саяси партиялардың электоралдық стратегиялары	Курс қазіргі саяси партиялардың сайлау саясаты мен олардың негізгі күрес стратегияларын және демократиялық сайлауда алға қойылған стратегиялық мақсаттарға жету тактикасы туралы	4								+		+

	(ағылшын тілінде)	білімді қалыптастырады; қазіргі заманғы сайлау технологиялары мен әлемдік саяси партиялардың электоралдық преференцияларына түсініктеме береді; саяси партиялардың сайлау бәсекелестігінің технологияларын қолдану және олардың сайлаудағы эволюциясын болжау ерекшеліктері н анықтайды.												
	Әлеуметтік-саяси зерттеулердегі ойындар теориясы (ағылшын тілінде)	Курстың мақсаты – саяси талдау мен зерттеулерде ойын теориясын іс жүзінде қолданудың теориялық түсінігі мен дағдыларын меңгеру; ойын теориясының қалыптасу тарихын, ойын теориясындағы жұмыстың негізгі тұжырымдамалары мен алгоритмдерін, саяси талдауда ойын теориясын қолданудың келешегі мен мақсаттарын зерттеу; саяси зерттеулерде қолданылатын ойын түрлері мен түрлерін анықтау; негізгі саяси процестерді талдау үшін ойын-теориялық үлгілерді құру.						+		+				
D15	Жаһандық саяси дамудағы мегатрендтер	Курс мегатрендтердің әлемдік саяси процестерін және қазіргі заманның жаһандық мәселелерін, соның ішінде саяси модернизацияны, демократияландыруды, жаһандануды, көші-қонды, ақпараттандыруды зерттейді және талдайды; қазіргі қоғамдардың басқару және мемлекеттік саясат саласындағы жаһандық проблемалардың мәнін ашады.	4					+		+		+		
	Жаһандық саяси болжам	Курс жаһандық саяси болжамды ғылыми талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері, әдістері мен критерийлері туралы терең білімді қалыптастырады; қазіргі әлем эволюциясының тенденцияларын және болашақ дамуының көп нұсқалы сценарийлері мен үлгілерін қарастырады.						+		+		+		
D16	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-саяси серіктестік	Курста әлеуметтік серіктестіктің мәні мен функциялары, әлеуметтік серіктестіктің даму тарихы және оның қазіргі заманғы нысандары талданады; қызметкерлердің құқықтарын қорғаудағы кәсіподақтардың ролін анықталады; Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестіктің заңнамалық базасы талданады; Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз етудің заңнамалық үдерісін сипатталады..	4								+	+	+	
	Саяси сараптама және кеңес беру	Курс саясат және мемлекеттік басқару саласындағы сараптамалық жұмыстың әдістері мен											+	+

		технологияларын зерттейді; саяси сарапшылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады; саяси кеңесшілердің, талдаушылардың және сарапшылардың рөлдік құбылыстарының қалыптасуын сипаттайды; саяси сараптама саласындағы жеке және ұжымдық жұмыстың ерекшеліктері мен болашағын талдайды.												
D17	Әлемдік саясаттағы интеграциялық процестер	Курс әлемнің әртүрлі аймақтарындағы интеграциялық процестердің ерекшеліктерін, динамикасы мен векторларын зерттейді; қазіргі әлемдегі интеграциялық процестерге және оларды саралау критерийлеріне салыстырмалы талдау жүргізеді; интеграциялық процестер тұрғысынан әлемнің жаңа саяси архитектурасының ерекшеліктерін ашады.	4			+				+			+	
	Еуразиялық интеграцияның саяси аспектілері	Курс еуразиялық аймақтағы интеграциялық үдерістер мәселелері бойынша білімді қалыптастырады; еуразиялық интеграциялануының саяси ерекшеліктерін және еуразиялық аймақтың интеграциялық үдерістерінің саяси құрамдастарын зерттейді; еуразиялық интеграцияның дамуының саяси аспектілерін анықтайды; еуразиялық интеграциялық процестерге кеңістіктік және аумақтық факторлардың әсерін талдайды; Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуы мен дамуындағы Қазақстан Республикасының рөлін бағалайды.				+				+			+	

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері(ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН1	Ойлау мәдениетін, тілдік құзыреттілікті, ақпаратты қорыту, талдау, сыни қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын таңдау қабілетін меңгерген; ынтымақтастыққа, әлеуметтік ұтқырлыққа, өзін-өзі дамытуға және таңдаған мамандығында мансаптық өсуге дайын екендігін көрсетеді.	интерактивті дәріс	тест
ОН2	Кәсіби қызметте Академиялық адалдық қағидаттарын қолдануға және кәсіпқой – саясаттанушының тұлғалық қасиеттерін: зияткерлік, өзін-өзі жетілдіруге және сыни ойлауға ұмтылысын дәріптеуге қабілетті; қазіргі заманғы қоғамның бәсекеге қабілеттілігі, прагматизмі, толеранттылығы және демократиялық құндылықтары басымдықтарында белсенді азаматтық ұстанымға ие.	диалог	ауызша баяндау
ОН3	Цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеуді, жүйелеуді және мұрағаттауды, оны сыни талдауды, бағалауды және түсіндіруді жүзеге асыра алады, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ақпараттық объектілер құра алады; цифрлық ортада, оның ішінде шет тілінде коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастырады.	пікірталастар	ауызша баяндау
ОН4	Сандық контентті құру және редакциялау, ақпаратты түрлендіру және сапасын арттыру қабілетіне ие; ғылыми және білім беру мақсаттарында әртүрлі Интернет-ресурстарды, іздеу жүйелері мен деректер қорын пайдаланудың тұрақты дағдыларына ие.	жобалық оқыту	презентация
ОН5	Категориялық аппаратты, шетелдік терминологияны, әдіснаманы, жаңа зерттеу тәсілдерін, қазіргі заманғы саяси ғылымның проблемаларын, оның ішінде шет тілінде білу мен түсінуді көрсетеді; ғылыми және кәсіби қызмет нәтижелерін пайдалану дағдыларын меңгерген.	ойын жобалау	презентация
ОН 6	Мемлекеттік саясат пен басқарудың, аймақтық және әлемдік саясаттың өзекті мәселелерін өз бетінше зерттей және талдай алады, олардың даму тенденциялары мен инновациялық әлеуетін анықтай алады, сандық трансформацияның күрделі жағдайларында және әлемдік саясаттағы өркениеттік фактордың шешуші рөлін басшылыққа алады.	топтық тренинг	міндеттерді шешу
ОН 7	Саяси ғылымдар саласында теориялық және эмпирикалық зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану негізінде жаһандық, интеграциялық, макроөңірлік, ұлттық-мемлекеттік, жергілікті қоғамдық-саяси процестерді талдауға, модельдеуге және болжауға қабілетті.	кейс-стади	талдамалық есеп
ОН 8	Инновациялық саяси бағдарламаларды іске асыру, саяси жүйенің ұлттық-мемлекеттік моделін, ҚР саяси институттары мен азаматтық қоғамды дамыту шеңберінде стратегиялық жоспарлау және менеджмент саласындағы жобаларды әзірлеуге белсенді қатысуға бағытталған.	ми шабуылы	коллоквиум
ОН 9	Мемлекеттік және жергілікті билік органдарында, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктер аппараттарында, бизнес-құрылымдарда,	жобалық оқыту	презентация

	халықаралық ұйымдарда, БАҚ-та басқару процестеріне, ақпараттық қоғамдағы саяси, сайлау науқандарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысуға қабілетті.		
ОН 10	Саясаттың, саяси үдерістер мен халықаралық қатынастардың, жергілікті және жаһандық қақтығыстардың түрлі салаларындағы күрделі мәселелерді шешу технологиясын өз бетінше жасай алады; саяси партиялардың электоралды қалауын және электоралды демократияны дамыту принциптерін анықтап, бағалай алады.	проблемалық дәріс	қорытынды мен ұсыныстар жазу
ОН 11	Ғылыми жұмыстарды дайындау және рәсімдеу, аналитикалық есеп, саяси сараптама, кеңес беру, болжау, әлеуметтік-саяси пәндерді, оның ішінде шет тілінде оқыту дағдыларын меңгерген.	іскерлік ойын	міндеттерді шешу

17.Түлек моделі

Түлектің атрибуттары:

- Саяси үдерісті ғылыми қамтамасыз ету саласындағы жоғары кәсібилік
- Зияткерлік және эрудиция
- Жаһандық және өңірлік сын-тегеуріндерге бейімделу
- Өзін-өзі жетілдіру
- Сыни ойлау
- Азаматтық және патриотизм
- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<p>ойлау мәдениетін, ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу құралдарын тандау қабілетін меңгерген;</p> <p>ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық дұрыс, дәлелді және нақты құра алады;</p> <p>қоғамда қабылданған моральдық және құқықтық нормалар негізінде әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға, басқа мәдениетке төзімділікке; ынтымақтастыққа және жанжалдарды шешуге дайындыққа; әлеуметтік ұтқырлыққа қабілеттілікке ие;</p> <p>әлеуметтік жауапкершілік сезімі бар, көп ұлтты және көп мәдениетті ұжымда жұмыс істеуге дайын, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен және ұқыпты қарайды, әлеуметтік және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдайды;</p> <p>академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетіне құрметпен қарайды және осы қағидаларды кәсіби қызметте қолдана біледі;</p> <p>ұжымда (оның ішінде халықаралық көпмәдени ортада) жұмыс істеу қабілетіне, әріптестермен кооперацияға дайындығына; көпұлтты, көпмәдениетті және кәсіби қоғамдастықта әріптестік қатынастарды қалыптастыруға; әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдауға ие;</p> <p>көп мәдениетті және кәсіби қоғамдастықта тұлғааралық қарым-қатынас этикасына сәйкес эмоционалды-еріктік өзін-өзі реттеуді меңгерген;</p> <p>кәсіпқой-саясаттанушының тұлғалық қасиеттерін: зияткерлікті және эрудицияны, өзін-өзі жетілдіруге және сыни ойлауға ұмтылуды, азаматтықты және патриотизмді, жаһандық және өңірлік сын-тегеуріндерге бейімділікті дәріптейді;</p> <p>өзінің кәсіби қызметінде бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық, қазіргі заманғы қоғамның демократиялық құндылықтары басымдықтарында белсенді азаматтық ұстанымды көрсетеді; өзінің кәсіби қызметінде ғылыми дүниетаным мен азаматтық ұстанымды іске асырады;</p>
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	<p>цифрлық ақпаратты өз бетінше іздеуді, жүйелеуді және мұрағаттауды, оны сыни талдауды, бағалауды және ұсынуды жүзеге асыруға, цифрлық ресурстарды (мәтіндік, бейнелеу, аудио және бейне) пайдалана отырып, ақпараттық объектілер құруға қабілетті;</p> <p>әртүрлі кәсіби міндеттерді шешу үшін, оның ішінде компьютерлік желілерді, бұлтты сервистерді және т. б. пайдалану үшін техникалық және бағдарламалық құралдарды тиімді және қауіпсіз пайдалана алады; цифрлық қондырғылармен жұмыс істеу кезінде туындайтын техникалық проблемаларды анықтай алады және оларды шеше алады;</p> <p>цифрлық ортада қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын қолданады, коммуникациялық стратегияларды нақты аудиторияға бейімдей алады, сандық ортада мәдени, кәсіби, ұрпақтық және т. б. әртүрлілікті есепке ала алады;</p> <p>әр түрлі форматтағы сандық мазмұнды құру және өңдеу, ақпарат пен контенттің сапасын өзгерту және жақсарту қабілетіне ие;</p> <p>цифрлық ортада коммуникация мен кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыра алады, өзінің кәсіби біліктілігі мен цифрлық дағдыларын талдай алады, дамыта және жетілдіре алады;</p> <p>ақпаратты қауіпсіз және сауатты басқаруға, түсінуге, біріктіруге, алмасуға, бағалауға, құруға және оған қол жеткізуге қабілетті қоғамдық, саяси және кәсіби салаларға қатысу үшін сандық құрылғылар мен желілік технологияларды пайдаланады;</p>

<p>3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық, өңірлік, жаһандық және халықаралық контексттегі саяси құбылыстарды, процестерді дербес ойлау және жүйелі талдау қабілетіне ие; - өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытады және жетілдіреді; тұрақты өзін-өзі дамытуға, таңдаған салада өзінің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға бағытталған; кәсіби қызметте жоғары уәдемесі мен жауапкершілігі бар; - инновациялық идеяларды қалыптастыра алады, саяси басқару және шешім қабылдау процесі мәселелері бойынша дербес гипотезалар ұсына алады; - ақпаратты сыни талдау, жалпылау және жүйелеу, кәсіби қызметтің мақсаттарын қою және оларға қол жеткізудің оңтайлы жолдары мен әдістерін таңдаудың тұрақты дағдыларын іс жүзінде жүзеге асырады; - өз қызметін ұтымды ұйымдастыру және жоспарлау қабілетіне ие, алған білімін өзінің кәсіби стратегиясын қалыптастыру үшін қолдана алады; саяси ғылымдар саласындағы білімді ғылыми-ақпараттық, педагогикалық, ақпараттық-анықтамалық, ұйымдастыру-басқару және жобалау қызметінде қолдана алады; - экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәнмәтінмен, саяси жүйенің жалпы дамуының объективті үрдістерімен және заңдылықтарымен байланысын анықтай отырып, жекелеген саяси оқиғалар мен үдерістерге сипаттама және баға бере алады; - талдау, сараптама, консалтинг, менеджмент деңгейінде нақты саяси тәжірибеде теориялық білімді жүзеге асырады, кәсіби қызметтің ұйымдастырушылық-басқарушылық түріне даярлығы бар; - саяси қайраткерлер, партиялар, мемлекеттік билік органдары, бұқаралық ақпарат құралдары және экономикалық субъектілер үшін қоғамдық-саяси қызмет саласындағы стратегияларды, бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу кезінде сараптамалық, консалтингтік қызметті ұйымдастыру үшін мамандандырылған теориялық тәсілдерді пайдаланады; консультациялық қызметтер көрсетеді және оларды талдамалық сүйемелдеуді жүзеге асырады; - кешенді саяси және әлеуметтік-психологиялық талдау мен сараптама нәтижелері негізінде әкімшілік-саяси және жария-саяси салаларда жұмыс істейтін адамдар мен құрылымдарға саяси және саяси-психологиялық кеңес беруді ұйымдастыра және жүзеге асыра алады;
---	---

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:




Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы меңгерушісінің м.а.

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының профессордың ассистенті

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасының оқытушысы






К.С.Муслимова
С.Б.Алимова
Г.А.Жумасултанова
Н.В. Карасева
Д.С. Капият

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды « 31 » 03 2023 ж. Хаттама № 9

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды « 28 » 04 2023 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді « 30 » 05 2023 ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор
Академиялық жұмыс департаментінің директоры
Философия және психология факультетінің деканының м.а.



Т.З.Жүсіпбек
С.А.Смаилова
А.Д.Макатова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

7М03102-«Саясаттану»

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1			1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	6	6	6	7
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1	1	1	1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	2	2	2	2
2.2	НААР	Позициясы	2	2	2	2
2.3	Атамекен	Позициясы				2
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны		1		1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	2	2	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны		1		2
3.4	Электронды оқулық	Саны	1		1	1
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	2	3	3	2
3.6	Монография	Саны	1			1
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны		1	1	1
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере	Жыл	+	+	+	+

	отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	+	+	+	+
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+

Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы
меңгерушісінің м.а.



Муслимова Қ.С.